

THE ROLE OF SILK ROAD OVER DEVELOPMENT OF HISTORY TOURISM

**ТАРИХИ ТУРИЗМДІ ДАМУДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Irina SEYTOVA

Lecturer, Dosmukhamedov Atyrau State University

ABSTRACT

Article about the history of the Great Silk Road and historical features are the issues. The Great Silk Road is a historic road linking the silk road that crosses Eurasia from China to the Mediterranean Sea and manufactured and sold in China, India and Iran, which is a unified group of caravan routes, which has contributed to strengthening trade and cultural ties between the states in the old and middle ages.

The Great Silk Way is a prerequisite for civilizations in Europe and Asia. Has long played a vital role in establishing trade and cultural ties between Eurasia and the countries of Southeast Asia and has played an important role as a civilization that influences political, economic, and economic development of the past, present and future of historical, economic, culture and communication complexes.

Keyword: Silk Road, History Tourism

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Ұлы Жібек жолының даму тарихы мен тарихи ерекшеліктері туралы мәселелері қарастырылған. Ұлы Жібек жолы - керуен жолдарының біртұтас топтамы, ескі және орта ғасырда мемлекеттердің сауда және мәдени байланыстарын нығайтуға әсер еткен Қытайдан Жерорта теңізіне дейінгі аралықта Еуразияны кесіп өткен және Қытай, Үндістан, Иранда өндірілген және сатылған жібекпен байланысты айқындалған тарихи жол.

Ұлы Жібек жолы Еуропа мен Азия елдерінің өркениетті болуының алғышарты. Еуразия мен Оңтүстік Шығыс Азия елдері арасында сауда-саттық, мәдени байланыс орнатуда ұзақ уақыт қызмет еткен және тарихи экономикалық, мәдени, қарым-қатынас кешендерінің өткен, бүгінгі және келешектегі жаңа ғасырдағы саяси экономикалық өсуіне әсер етуші өркениет жолы ретінде маңызды рол атқарды.

Кілт сөздер: Шелковый путь, исторический туризм

Ұлы Жібек жолы - керуен жолдарының біртұтас топтамы, ескі және орта ғасырда мемлекеттердің сауда және мәдени байланыстарын нығайтуға әсер еткен Қытайдан Жерорта теңізіне дейінгі аралықта Еуразияны кесіп өткен және Қытай, Үндістан, Иранда өндірілген және сатылған жібекпен байланысты айқындалған тарихи жол.

Ұлы Жібек жолы Еуропа мен Азия елдерінің өркениетті болуының алғышарты. Еуразия мен Оңтүстік Шығыс Азия елдері арасында сауда-саттық, мәдени байланыс орнатуда ұзақ уақыт қызмет еткен және тарихи экономикалық, мәдени, қарым-қатынас кешендерінің өткен, бүгінгі және келешектегі жаңа ғасырдағы саяси-экономикалық өсуіне әсер етуші өркениет жолы ретінде маңызды рол атқарды.

Ұлы Жібек жолының 1700 шақырым Қазақстандық бөлігі Жетісу, Оңтүстік Қазақстанда, ал негізгі жолы Түркістан, Тараз, Алматы қалаларынан өтеді. Бұрынғы елді мекендердің орнында пайда болған осы қалаларға (орта ғасырлық Хурлук, Турбат, Испиджаб, Кулан, Меркі, Талхиз, Жаркент) қазіргі күндері қалпына келтіріліп жатқан туристік кешендерді қосуға болады. Қазақстанда туризм саласын дамытуға байланысты ВЦСПС-тың Қаулысымен «Орталық Азия туристік-экскурсиялық басқармасы» түзілді. (№ 196 хаттама 1952 жылы ақпан айы). Осының себебінен Ұлы Жібек жолының жаңадан өркендеуі 1950 жылдардан басталады және Ұлы Жібек жолының Орталық Азия бөлігінде аса маңызды жұмыстар жүргізілді. 1952 жылы Орталық Азия

туристік-экскурсиялық басқарма таратылғаннан кейін, Қазақстанда ВЦСПС-тің туристік экскурсиялық басқармасы аясында Қазақ мемлекеттік туристік-экскурсия басқармасы түзілді. ВЦСПС-тің «Туризмді одан әрі дамыту» туралы 1962 жылғы шілдеде № 17 Қаулысымен бұл басқарма таратылып, оның орнына «Казтурсовет» пайда болды. Келешекте туризмді дамыту басқарма құрылымын жаңарту, жаңа бағытта жұмыс істеуді қажет етті. Сондықтан, Казтурсовет мынадай бөлімдерді ашты: жалпы бөлім, туризмді насихаттау комиссиясы, жастар туризмі, ұйымдастыру, әдістемелік - жоспарлы экскурсиялық бөлім. Ал бөлімшелер қонақ үй, турбаза, жаңа маршруттар, бугалтериялық есеп, оқу курстарын қаржыландыруды тексеру есебінен жұмыс істеді. Орталық Азияда туризм бойынша Республикалық Кеңестің құрылымы да өзгерді және олардың облыстық кеңес пен мекемелері: туристік-экскурсиялық бюро секциясы және клубтар, базалар, қонақ үйлер пайда болды.

1960 жылда Казсовпроф жанынан Республикалық туризм басқармасы құрылды және басқа одақтас республикаларда да Ұлы Жібек жолы халықаралық туризмін дамыту бағытында жан-жақты жұмыстар жүргізді¹.

1975 жылы Кеңес Одағында ұйымдастырылған турдың басшысы Американың Вашингтон қаласының халыққа білім беру ұлттық ассоциациясының докторы Адриан Плэнт былай деген еді: «Алматы және оның айналасындағы әсем тарихи ескерткіштер мен көрікті табиғат Ұлы Жібек жолы атанған керуен жолына тікелей өз ықпалын тигізеді. Сіздің қалаңыз келешек тарихта лайықты орын алады»².

Құрылған маршрут және турбазалар өскін халықтың талабын қанағаттандыра алмады. Сондықтан келешекте Қазақстан Орталық Комитеті, Қазақстан Министрлер Кеңесі және Казсовпрофтың «Қазақстанда туристік-экскурсиялық мекемесінің материалдық – техникалық базасын одан әрі жетілдіру» туралы № 335 1983 жыл 23 тамыздағы Қаулысымен және КПСС Орталық Комитетінің «1986-1990 және 2000 жылға дейін елімізде халыққа туристік экскурсиялық қызмет көрсетуді одан әрі ұлғайту және жетілдіру туралы» Қаулысына сәйкес жоғарғы деңгейде іс әрекеттер жүзеге асырылды.

Орталық Азия мен Қазақстанның туризм мүмкіншілігі 1980 жылы «КСРО-да ішкі туризмді дамыту туралы» Концепциясында Ыстық көл, Бұхара, Самарқан, Хива, Ташкент, Шахрисябз, Тау шаңғысы, Алматы демалыс орындары демалушылар санының көбеюіне байланысты алдынала болжамға сәйкес нақтыланып Қазақстан мен Орталық Азияның ішкі және халықаралық туризмді дамыту туралы мәселелері айқындалды.

ВЦСПС-тің 1982 жылы 27 шілдесіндегі № 8-3 қаулысымен «Туризм және экскурсия» бойынша Қазақстан Республикасы Кеңесінің Жарғысы бекіді. Казтурсовет БММТ «Спутник» және «Интурист» барлық сатыдағы халықтарға, шет ел туристеріне жоғарғы деңгейдегі қызмет көрсете бастады³.

Бұл уақытта Қазақстанда туризмді дамыту туралы көптеген шаралар қолға алынды. Негізгі фондтарды, материалдық-қаржылық ресурстарды, материалдық базаны тиімді пайдалану арқылы шет ел туристеріне қызмет көрсету сапасын жақсарту. «Казгипроград» жобалау мекемесі, «Қазақстанда 1976-1990 жылдар аралығында және 2000 - жылға дейін туристік базаларды орналастыру және дамыту шаралары туралы» жоспар жасалды.

Қазақстан 60 туристік зонаға бөлінді. 2005 жылға дейін барлық жоспарларды іске асыру белгіленді және туризмді дамыту орталығы жүзеге асырылды. Бұл Ұлы Жібек жолының туристік саласын игеруде негізгі өзегі болды. Бұл орталыққа туризмге қолайлы жағдай жасау бағытында:

- экскурсия ұйымдастыру;

¹ Александрова Ю.А. Экономика и территориальная организация международного туризма. Учебное пособие. М., 1996

² Александрова А.Ю. Международный туризм. М., 2001

³ Александрова А.Ю. Международный туризм. М., 2001

- туристік база салу;
- қаржыландыру, туристік әдебиеттер, жаңа мекен жайлар табу;
- көргізімге ұйымдастыру;
- конференция, семинар өткізу;
- мамандық дайындау, туризмді насихаттау.

Қазақстан Орталық Комитеті, Министрлер советі, Казсовпроф, Қазақстан Жастар Одағы 1986-2000 жылдар аралығында туризмді дамыту үшін республикадағы барлық министрліктермен ведомстваларға айырықша тапсырма берді, себебі туризм арқылы халықтар достығын нығайтуға, жастарға патриоттық, ұлтаралық тәрбие беруде маңыздылығы айқындалды. Бұл жылдары туризмді дамытуға көптеген тәжірибелі мамандар, атап айтқанда, экскурсоводтар мен туристік группа басшылары талап етілді. Қазақстанның барлық облысы туристік-экскурсиялық мекемелермен толықтырылды. Олардың қол астына қонақ үй, турбаза, клуб, туристік инвенторларды жалға беру, автобаза, жабдықтау базасы, құтқару станциясы, мейрамхана, буфет, бар, кітапхана, спорт алаңы, сақтау камерасы, медпункт, шаштараз, жеңіл көлік тұратын орын, халықаралық байланыс бөлімі, кітап, сувенир сататын дүкендер, ойын автоматтары залы, би орны, тау шаңғысы трассасы, аспалы жол берілді. Туристерге қызмет көрсетуді жақсарту үшін білгір мамандар берілді. Бұл халықаралық байланысты дамытуда өте маңызды еді⁴.

Ұлы Жібек жолы бойынша бірлесіп жасалған іс-шаралар Бұхара-Ташкент-Шымкент-Жамбыл-Бішкек-Алматы газ магистралы, Алматы-Фрунзе-Ташкент автожолы, Қарақұм каналы, Біртұтас энергетикалық байланыс Жібек жолындағы ескі елді мекендерді байланыстыратын, халықаралық туризмді дамытатын негізгі өзегі болды. Сонымен бірге Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркменстан, Ресей және т.б. республикалардағы өндіріс орындары бір-бірімен өзара тікелей байланыста болды. 1980 жылы Каспий маңы темір жол құрылысы басталды. XX ғасырда Түркістан-Сібір темір жолы, автожол, әуе жолы халықаралық туризмді дамытуға елеулі үлес қосты.

Ресей, Литва, Латвия, Эстония, Молдавия елдерінің мекемелері жұмыскерлеріне жыл сайын 7-9 рет «Достық» атты туристік жол ұйымдастырды. Бұл Алматыдан Фрунзе, Ташкент, Самарқан, Бұхара, Хива, Үргеніш, Ферғана, Душанбе, Ашхабад қалаларын аралап танысуға мүмкіндік берді.

1986 жылдан бастап әртүрлі мекемелерге шет ел туристік қызмет саласын ұлғайту және жақсарту, әсіресе Ұлы Жібек жолының Қазақстан - Қытай бөлігінде жақсы нәтижесін берді. Шетел туристерін Ұлы Жібек жолы бойында қабылдау Мемлекеттік Институт Комитеті мен «Дат» туристік фирмасы «Янус-Трэвел» қатысуымен 1987 жылдан басталды. Туристік қызмет көрсету Алматы, Жаркент және Қытайда болды. Казтурсовет 1988 жылы Швеция мен Даниядан екі туристік топ қабылдады. Оларға Қытай Халық Республикасы Синьцзян Ұйғыр автономиялық ауданы мен Пекин, Ресей мемлекеті Сібір аймағы мен Монғолия мемлекеті қалалары бойынша туристік саяхаттар ұйымдастырылды. Алматы қаласынан «Достық туристік саяхаты» жастар мен еңбекшілерді Одақтас Республика астаналарына барып танысуға мүмкіндік берді және олардың Делегациясы Фрунзе-Ташкент-Үргеніш-Ферғана-Самарқан-Бұхара-Душанбе-Ашхабад қалаларымен танысуда лайықты үлес қосты.

Парижде ЮНЕСКО-ның 24-ші конференциясында Халықаралық Ұлы Жібек жолын көлемді түрде оқып білуге арналған жоба қабылданды. ЮНЕСКО тарапынан 1990 жылы екі ғылым тарихи-археологиялық экспедиция ұйымдастырылды:

Біріншісі: Солтүстік Осетиядан Батыс Еуропаға (Скандинавия, Германия, Франция, Ирландия, Испания, Италия).

⁴ Ердәвлетов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. Алматы: Атамұра, 2000

Екіншісі: Солтүстік Осетия Ғылыми зерттеу институтының филология ғылымының докторы Гудиевтің басшылығымен Азия елдеріне (Қазақстан, Орта Азия, Қытай, Үндістан, Иран, Ауғаныстан; Жапония). Бұрынғы және қазіргі ғалымдары (Геродот, Страбон, Марцеллин, Юань-Шин, Шан-Хай-Цзун, Аль-Умари, Рашид-ад-дин, Ибн Хордодбе, Бичурин, Грун-Гржимотло, Го Можо, Латышев, Скитский) Ұлы Жібек жолын ұйымдастыру және басқаруда ролін ерекше бағалап келешекте тарихи-мәдени байланыс саласын өркендетуде маңыздылығын атап көрсетті. 1990 жылы пайда болған «Казинтурсервис» Континентаралық саяхат ұйымдастыруды жоспарлады және Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея компанияларымен келісім шартқа отырды. Бұл жоспарға Украина, Өзбекстан, Балтық жағалауы елдері, АҚШ, Автоклуб Еуропа, Германия қызығушылық білдірді. Негізгі сала: шөлдала мен тауды атпен, түйемен кесіп өту. Шет елде Казтурсервис «Ақ жол» коммерциялық-туристік фирма есебінде белгілі болды. Шет ел туристерін Семей, Шығыс Қазақстан, Көкшетау, Қарағандыда орналасқан фирмаларда қабылдау ұйымдастырылды. Геосаяси орналасу жағдайы Қазақстанды дүниежүзілік өндірісі дамыған Еуразия елдерін құрлықаралық байланыс шеңберіне қатысуға септігін тигізді. Оның аймағынан өткен жол қаржы көзіне жол ашты. Ұлы Жібек жолының туристік маңызы КСРО тарағаннан кейін де Қазақстанда жалғасын табуда.

1994 жылы Бүкіләлемдік туристік ұйымы мен ЮНЕСКО Ташкентте мамандардың кездесуі болды және өзекті мәселе Ұлы Жібек жолының жандануы мен қайта өңдеу жұмыстарына арналды. Бұл кездесу кенесте Қазақстандық фирма «Жібек жолы» атты компания болды. 1996 жылы 21 қазанда Ташкентте Азербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан Республикаларының Елбасылары қол қойған Декларациясы туризмді дамытудың жаңа баспалдағы болды⁵.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Түркі тілдер мемлекеттер басшыларының Ташкент Декларациясын» жүзеге асыру, ЮНЕСКО жобасы және Бүкіләлемдік туристік ұйымының Қазақстан республикасында Жібек жолы туризмінің инфрақұрылымын дамыту туралы № 3476 1997 жылғы 30 сәуірдегі бұйрығымен туристік қызметтің және материалдық-техникалық базасын өркендетудің анық жобасы белгіленді.

Қазақстан Үкіметінің қарарына Ташкент Декларациясын жүзеге асыру, ЮНЕСКО жобасы және Бүкіләлемдік туристік ұйымының Қазақстан Республикасында Жібек жолының инфрақұрылымын нығайту туралы № 1067 1997 жылы 7 шілдеде жоспары талқыланды. Қазақстанда және ЮНЕСКО жобасына қатысушы елдерде туризмді дамытуда міндеттерді бөлісу, қажетті маршруттарды айқындау мүмкіндігін берді. Осының салдарынан 1997 жылы Жібек жолының Қазақстандық бөлігінде туризмнен 39,1 миллион АҚШ доллары келіп түсуі айғақ⁶.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихи орталықтарды сақтау, түркі тілді мемлекеттердің мәдени мұраларын сақтау, туризм инфрақұрылымын құруда» № 3859 1998 жылғы 27 ақпандағы бұйрығымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 27 ақпандағы «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру туралы жоспарын және де «Акционерлік Ұйым Ұлттық компания», «Жібек жолы – Қазақстан» атты № 1096 1998 жылғы 23 қазандағы бұйрығында қаралды. Осыған орай Қазақстанда Ұлы Жібек жолын дамыту бағытында жан-жақты жұмыстар жандандырылып еліміздегі халықаралық туризмді дамытуда маңызды рол атқарды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Александрова Ю.А. Экономика и территориальная организация международного туризма. Учебное пособие. М., 1996.
- 2.Александрова А.Ю. Международный туризм. М., 2001.

⁵ Александрова А.Ю. Международный туризм. М., 2001.

⁶ С.Р.Ердаулетов. География туризма Казахстана. А.Ғылым.1992г.

3. Ердаулетов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. Алматы: Атамұра, 2000.

4. С.Р. Ердаулетов. География туризма Казахстана. А. Ғылым. 1992 г.